



***Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті***

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

***Жұбан Молдағалиев - лирик, талантты эпик
ақын***

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2025



Жұбан Молдағалиев (1920-1988)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

*Жұбан Молдағалиев - лирик, талантты эпик
ақын*

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2025

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
М 66

***Ж. Молдағалиевтің туғанына 105 жыл толуына орай
биобиблиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Жумабаев
К.С., құраст.: Шадманова Г.К. – Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми
кітапханасы.2025. – 17 бет.***

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған биобиблиографиялық көрсеткіш бүкіл көп ұлтты кеңес поэзиясын ілгері дамытқан айтулы ақын, көркем сөз шеберіне айналған Жұбан Молдағалиевтің туғанына 105 жыл толуына арналып шығарылған. Көрсеткішке ақынның өмірбаяны, қоғамдық қызметі, туралы мәліметтер жүйесі енгізілген.

Жұбан — лирик қана емес, талантты эпик ақын. Оның ойшыл да сыршыл поэмалары қазақ поэзиясының елеулі табыстарына қосылады. Ақынның «Қиял қанаты», «Мереке дастарқаны», «Мен-қазақпын», «Айттым сәлем», «Туған жер» сияқты поэмалары лирикалық толғанысқа, көтеріңкі пафостары сыршылдыққа толы келеді. Оларда ақын заман, адам, дәуір, өзгерістер жайлы терең толғанады. Лирикалық толғанысты дәуірдің кең жасалған эпикалық суреттерімен байыту арқылы Жұбан «Мен—қазақпын» поэмасында үлкен көркемдік табыстарға көтеріледі. Поэма қазақ әдебиетінің аса бағалы үлгілерінің қатарынан орын алады. «Жыр туралы жыр», «Жесір тағдыры» атты сюжетті поэмаларында Жұбан оқиғаны драмалық тартыс арқылы өрістетіп, эпикалық кеңдікпен суреттейді. Оның алғашқысында Ұлы Отан соғысының батыры татар ақыны Мұса Жәлелдің ерлік образын жасаса, соңғы поэмасында

феодалдық күндіктен Совет өкіметі азат еткен қазақ әйелінің азаматтық есеюін көрсетеді.

Жұбан Молдағалиев эпикалық жырларында қазақ поэзиясында бұрыннан қалыптасқан сөз өрнегіндегі бояуы қанық ұлттық нақышты, қазақ халқына тән поэтикалық ерекшілікті жаңа мазмұнмен байытып, еңселі бір белеске көтерген ақын. Бүкіл дүние өлеңінде есімі мағлұм Жұбан қазақ әдебиетіне өзіндік үн, нақыш әкелді. Бүкіл шығармашылығы біртұтас көрініп, алғашқысы мен соңғысы, үлкені мен кішісі бір үн, бір ән болып естіліп жатқан ақын поэзиясы әдебиетіміздің үлкен бір жетістігі, жемісі екенінде дау жоқ.

Жұбан Молдағалиевтің есімі қалың қазақ оқырманына кеңінен таныс. Оның жеке жинақтары мен таңдамалы туындылары Қазақстанда елуден астам кітап болып басылды. Үш томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Кітаптары орыс тіліне аударылып, Алматы мен Мәскеуде бірнеше рет жарияланды. «Художественная литература» деп аталатын одақтық үлкен баспада екі томдығы жарық көрді. Жекелеген шығармалары Кеңестік республикалар мен сырт шет елдер тілдеріне аударылды. Оның өлең-поэмалары КСРО және Қазақстан мемлекеттік сыйлығына ие болды. Мұның бәрі ақын оқырмандарының қатарын

көбейтіп, Жұбан есімін кең көлемде әйгіледі.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Жұбан Молдағалиев, 1920 жылдың 5 қазанында Орал облысының (қазіргі Батыс Қазақстан облысы) Тайпақ ауданы Жыланды ауылында дүниеге келген. 1940 жылы Орал ауылшаруашылық техникумын бітіріп, 1940-1947 жылдары әскер қатарында болып, әскери-саяси курстарда білім алды, Ұлы Отан соғысына қатысты. Соғыстан кейін 1948-52 жылдары "Лениншіл жас", "Қазақ әдебиеті" газеттерінде жауапты қызметтер атқарды, 1958-63 жылдары "Жұлдыз" журналының бас редакторы болған. Бірнеше жыл Қазақстан Жазушылар Одағын басқарды. Алғашқы өлеңдері 1939 жылы газет бетіне басылды. Алғашқы жыр жинағы "Жеңіс жырлары" деген атпен 1949 жылы шықты. Содан бергі уақытта 60-тан астам кітабы, әр кезеңде қазақ және орыс тілдерінде таңдамалы шығармаларының бірнеше томдары жарық көрді. Жұбан Молдағалиев қаламынан туған "Мен – қазақпын", "Кісен ашқан", "Қыран дала", "Сел" поэмалары үшін ең жоғарғы Мемлекеттік сыйлықтармен марапатталды. 1970 жылы Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының, содан кейін КСРО қорғаныс Министірлігі сыйлығының лауреаты атанды және А.Фадеев атындағы алтын медальды иеленді. 1986 жылы Жазушылар одағында Г.В.Колбинмен өткен

кездесуде басын қатерге тіге отырып, жастар қозғалысын қолдады. Жұбан Молдағалиевтың өлеңдері мен поэмалары сан қырлы поэзия байлығына айналып, ауқымды оқырмандар қауымының игілігіне жарады. Ақын қазақ халқының тарихы туралы "Мен – қазақпын" атты толғауында халқының атынан мінбеге шығып сөйлей отырып, тарихи шындықты, халықтың эпикалық өмірін кестеледі. Сан түрлі тақырыптағы лирикалық шығармаларында туған жер, Отан, өз ұлтына деген сүйіспеншілік, қазақ тілі, оның тағдыры, ана, әйел, махаббат, соғыс және бейбітшілік, замандастар бейнесін арқау етті. Ақынның көптеген шығармалары бірнеше шетел халықтары тілдеріне, атап айтқанда ағылшын, неміс, француз, поляк, испан, венгр, араб, монгол тілдеріне аударылған. 2000 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен 31 тамыздан бастап Батыс Қазақстан ғылыми-әмбебап кітапханасына Жұбан Молдағалиев есімі берілді.

ЖҰБАН АҚЫН ЖАЙЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР

Ақын Жұбан Молдағалиев бүгінгі күннің ең актуальды мәселелеріне жедел үн қосып отыратын, соның өзінде де шығармаларынан асығыстық ақауы кездеспейтін алымды талант.

Ғ. Мүсірепов

Жұбан поэзияда оңай жолды іздемейтін, өз творчествосына барынша қатал, жалпы қазақ әдебиеті алдындағы жауапкершілікті айнытпай ту етіп көтерген қалам қайраткері.

С. Шаймерденов

...Бар қазақ Жұбанға сенбеп пе еді,

Ақынын пайғамбардай көрмеп пе еді,

Есінен туған елдің шығар қалай

Жырыңмен жас ұрпағын тербеткенің....!

Ә. Тәжібаев

Жұбан Молдағалиев лирикасы – мол дүние, әрі алуан сипатты сырлы жырлар.

М. Әлімбаев

Жұбан Молдағалиев – қазақ поэзиясындағы, әдебиетіміздегі ірі құбылыс. Ол – Оралдың ғана ақыны емес, қазақтың Жұбаны.

З. Қабдолов

Туған республикамыздың құрдасы Жұбан бүкіл саналы өмірін Отаны мен отандастарының бақытты жолына арнады.

С. Қирабаев

...Атақ үшін – кеше сенен қызғанған-

Ағайындар таласып жүр өзара

Бірақ олар тектен-текке алқынар

Келер ұрпақ басқашалау талпынар

Дегенмен біз бақыттымыз Жұбаға

Даласы бар,

Даладай кең халқы бар!

Қадыр Мырза Әли

Жұбан Молдағалиев – қазақтың жыр дүлділінің бірі, қазақ поэзиясында өз дауысы, өз мәнері, өлеңдегі өз бағыты қалған ірі дарын.

Мүсілім Базарбаев

Поэзияда да, өмірде де, қуанышта та, қиын шақта да ол Жұбан екен. Жұбан аға екен. Мың өліп, мың тірілген, суыққа тоңған, ыстыққа күйген жан екен. Бірақ мынау келте өмірде алған бағытынан, адалдығынан қайтпапты. Еліне, халқына ол сонысымен мәңгілік ардақты, мәңгілік қадірлі.

Д. Нұрмұханбет

Жұбан мұрасы – келешекте де жұртшылық кәдесіне аса беретін аса құнды мұра. Ол жылдар озған сайын бүкіл бітім-болмысымен, мәнімен де, нәрімен де жарқырай түсетін асыл қазына.

С. Сейітов

**ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ
ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ**

1962

1. Молдағалиев Ж. Жүрек қазынасы: повесть / Ж. Молдағалиев. - Алматы: Қаз. Мем. көркем әдебиет баспасы, 1962. - 184 бет.

1965

2. Молдағалиев Ж. Жиырма бес: дастандар мен олендер / Ж. Молдағалиев. - Алматы : Жазушы, 1965. - 408 бет.

1967

3. Молдағалиев Жұбан. Годы в песнях / Джубан Молдағалиев. - Жазушы, 1967. - 380 с.
4. Молдағалиев Ж. Айттым сәлем: өлендер мен поэмалар / Ж. Молдағалиев. - Алматы: Жазушы, 1967. - 124 бет.

1966

5. Молдағалиев Ж. Торғай толғауы: 1-том. Роман / Ж. Молдағалиев. - Алматы: Жазушы, 1966. - 346 бет.

1973

6. Молдағалиев Ж. Қызыл қайың: өлендер / Ж. Молдағалиев. - Жазушы, 1973. - 175 бет.

1975

7. Молдағалиев Ж. Құс жолы: повесть және әңгімелер / Ж. Молдағалиев. - Алматы: Жазушы баспасы, 1975. - 156 б.

1977

8. Жүрек қазынасы: повесть / Ж. Молдағалиев. - Алматы: Каз. мем. көркем әдебиет баспасы, 1962. - 184 бет.

1978

9. Молдағалиев Ж. Алғашқы қоңырау: роман / Ж. Молдағалиев. - Жалын, 1978. - 175 бет.

1979

10. Молдағалиев Ж. Шығармалар жинағы. Үш томдық. 1 том.: Өлендер / Ж. Молдағалиев. - Жазушы, 1979. - 688 б.

1980

11. Молдағалиев Джубан. Сель: поэмы, перевод с казахского / Джубан Молдағалиев. - М.: Советский писатель, 1980. - 144 с.

1981

12. Молдағалиев Ж. Жыр күнделіктері : Тандамалы өлеңдері / Ж. Молдағалиев. - Жалын, 1981. - 256 б.

1982

13. Молдағалиев Ж. Звезда поколения: стихотворения и поэмы, перевод с казахского / Ж. Молдағалиев. - Молодая гвардия, 1982. - 158 с.

1984

14. Молдағалиев Ж. Таза бұлақ: Роман / Ж. Молдағалиев. - Жазушы, 1984. - 344 б.

1985

15. Молдағалиев Ж. Ақ жалын: олендер мен поэма / Ж. Молдағалиев. - Алматы: Жазушы, 1985. - 136 бет.

1986

16. Молдағалиев Ж. Ел суреттері: Әңгімелер / Ж. Молдағалиев. - Жалын, 1986. - 352 бет.

1987

17. Молдағалиев Ж. Кісіге көп керек пе?: Роман / Ж.

Молдағалиев . - Алматы: Жазушы, 1987. - 304 бет.

1988

18. Молдағалиев Ж. Кісен ашқан: олендер мен поэма / Ж. Молдағалиев. - Жазушы, 1988. - 93 бет.

1990

19. Молдағалиев Ж. Жомарт жүрек: биография отдельного лица / Ж. Молдағалиев. - Алматы: Өнер, 1990. - 208 бет.

2005

20. Молдағалиев Ж. Кұс жолы: Повесть және әңгімелер / Ж. Молдағалиев. - Ана тілі, 2005. - 288 бет.

2010

21. Молдағалиев Ж. Мен-қазақпын: Ақтөбе облыстық С. Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы "Бір ел-бір кітап" акциясы / Ж. Молдағалиев. - 2010.

2015

22. Молдағалиев Ж. Шығармалар жинағы: / Ж. Молдағалиев . - Алматы: Өлке баспасы, 2015. - 320 бет.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз.....</i>	<i>5</i>
<i>Жұбан Молдағалиевтің өмірбаяны.....</i>	<i>8</i>
<i>Жұбан ақын жайлы ой-пікірлер.....</i>	<i>10</i>
<i>Жұбан Молдағалиевтік еңбектерінің Хронологиялық көсеткіші.....</i>	<i>13</i>

